

ӘОЖ 343.1 (574)

Н.А. Жұманбаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Құқық және экономика институтының қылмыстық-құқықтық  
пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
E-mail: nonna.aldabergen@mail.ru

### Сот әділдігін жүзеге асыру барысында қылмыстық іс жүргізу принциптерінің маңыздылығы

Қазақстан Республикасының Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Конституциялық заңына сәйкес, сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға, Республика Конституциясының, заңдарының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Мақалада азаматтардың құқықтарын мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі сот билігінің орны мен сот әділдігін жүзеге асыру барысындағы қылмыстық іс жүргізу принциптерінің орны мен маңыздылығы қарастырылады.

**Түйін сөздер:** сот билігі, сот әділдігі, қылмыстық іс жүргізу принциптері, сот жүйесі, сот, судья, үкім.

N.A. Zhumanbaeva

### The principles of the criminal justice process in the implementation of

The article discusses a special place and importance of the principles of the criminal justice process in the implementation of the court authorities, and the role of the judiciary in the protection of the rights and freedoms of man and citizen.

**Keywords:** the judiciary, justice, principles of due process, the judicial system, court, judge, sentence.

Н.А. Жұманбаева

### Значение принципов уголовного процесса при осуществлении правосудия

В статье рассматриваются особое место и значение принципов уголовного процесса при осуществлении правосудия органами суда, а также роль судебной власти в защите прав и свобод человека и гражданина.

**Ключевые слова:** судебная власть, правосудие, принципы уголовного процесса, судебная система, суд, судья, приговор.

Сот билігінің міндеттері адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, олардың құқықтарын мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға, қылмыстың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын

қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады. Сот билігінің барлық қызметі осы мақсаттарға қол жеткізу үшін құрылған. Еліміздің заңнамасы осыларды жүзеге асырудың кепілдігі ретінде процеске қатысушының оның ойынша заңсыз, негізсіз деп табылған үкімдерді, содан кейін қабылданған сот шешімдерін қайта қарату құқығын белгілейді.

Профессор Қ.Ә. Мәми атап өткендей, әлемнің барлық өркениетті елдерінде азаматтардың, мемлекеттік құрылыс пен тәртіптің құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілдігі сот, сондай-ақ тәуелсіз, қуатты материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген сот жүйесі болып табылады [1, 152 б.].

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру барысында сот билігі ерекше орын алады. Сот жүйесіне сот қаулыларының заңдылығы (заңсыздығы) мен негізділігі (негізсіздігі) туралы процеске қатысушыларға жауап беру, әрі сол арқылы нақты іс бойынша түпкілікті шешім қабылдау және әділеттілікті орнату сияқты өте жоғары жауапкершілік жүктелген.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және бұзылған құқықты қалпына келтіру жөніндегі сот жүйесінің рөлі жөнінде профессор К.Х. Халиқов, сот қоғамда және мемлекетте құлықтылыққа, әділеттілікке негізделген заңды тәртіпті орнықтыруы тиіс деп атап көрсетеді [2, 72 б.].

Әр жылдары сот жүйесінде жүргізілген реформалау, республикамыздағы сот билігінің рөлін, әртүрлі сот сатыларының сот қателіктерін ашудағы, оларды түзетудегі алатын ерекше орнын ескере отырып, құқық қолдану тәжірибелерін қалыптастырудағы рөлін анықтауға бағытталған.

Сот әділдігін жүзеге асыру барысында қылмыстық іс жүргізу заңын бұзу – осы заңмен белгіленген нақты істі тергеу және қарау тәртібін сақтамауды білдіреді. Бұл өз кезегінде, тараптардың құқықтарын бұзуға немесе оларды шектеуге, іс бойынша заңсыз үкім шығаруға әкеліп соқтыруы мүмкін. Міне, сондықтан да қылмыстық процесте сот шешімдерін қайта қараудың негізі ретінде қылмыстық іс жүргізу заңының бұзылуына ерекше мән беріледі. Осыған сәйкес жоғары тұрған сот сатысы үкімді қайта қараған кезде нақты іс бойынша қандай да бір процессуалдық құқық бұзушылықтардың болған-болмағанын, болған жағдайда олар елеулі ме, яғни тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеліп соқтырады ма, сол істің нәтижесіне, мәні бойынша үкімнің дұрыстығына ықпал ете алды ма деген мәселелерді шешіп отыруы тиіс.

Процессуалдық құқық бұзушылық бір істе елеулі, ал басқа бір істе елеусіз болуы мүмкін. Бұл негізінен қаралып жатқан істің нақтылы

мән-жайына байланысты шешіледі. Яғни іс бойынша жіберілген процессуалдық құқық бұзушылықтардың елеулі немесе елеусіздігі туралы мәселені істі қараушы жоғары тұрған сот шешеді.

Қылмыстық сот ісін жүргізудің мәні мен мазмұнын танытатын оның принциптерінің міндетті түрде сақталу басымдығына сүйенер болсақ, олар оның ең маңызды қасиеті мен сапалық тұрпаты, құқықтық реттеудің заты мен тәсілін сипаттайды [3, 38 б.]. Оларды бұзу, оның сипаты мен мәніне қарай, іс бойынша болған іс жүргізуді жарамсыз деп тануға, мұндай іс жүргізудің барысында шығарылған шешімдерді бұзуға не осы тұрғыда жиналған материалдарды дәлелдеу күші жоқ деп тануға әкеліп соқтырады. Заң шығарушы ҚДЖК 415-бабының бірінші бөлігінде: алдын ала тергеу барысында немесе істі сотта қарау кезінде жол берілген қылмыстық іс жүргізу заңының принциптері мен өзге де жалпы ережелерін бұзушылықтар, сондай-ақ іске қатысушы адамдарды заңда кепілдік берілген құқықтарынан айыру немесе оларға қысым көрсету, сот ісін жүргізу рәсімін сақтамау немесе өзгедей жолмен істің мән-жайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге кедергі жасаған, сот төрелігінің үкімін немесе соттың өзге де шешімдерін шығаруға ықпал ететін немесе ықпал ету мүмкін заңды өзге де бұзушылықтар қылмыстық іс жүргізу заңын елеулі түрде бұзушылық болып табылады деп көрсетілген.

Яғни заң шығарушы жоғары тұрған сот сатыларына аталған нысандар түрінде ҚДЖК принциптері мен өзге де жалпы ережелерінің бұзылуы орын алған жағдайда, үкімді заңсыз деп тану туралы шешім қабылдау құқығын береді.

ҚДЖК 415-бабының екінші бөлігінде сот тергеуінің біржақтылығы немесе толық еместігі істі талқылаудан жол берілетін дәлелдемелерді қателесіп алып тастаудың немесе бір тараптың іс үшін маңызы болуы мүмкін дәлелдемелерін зерттеуден негізсіз бас тартудың не міндетті түрде зерттелуге тиіс дәлелдемелерді зерттемеудің салдарынан болған кезде үкімнің күші жойылуға тиіс екендігі қарастырылады. Ал осы баптың үшінші бөлігінде көзделген негіздердің кез келген бірінің орын алуы жоғары тұрған сот сатыларына үкімнің күшін жоюды міндеттейді. Бұл құқық бұзушылықтар заң әдебиетінде үкімнің

күшін жоюдың «сөзсіз» негіздері деген атауға ие болған.

Аталмыш норма бойынша, егер:

- 1) сот ҚІЖК-нің 37-бабында белгіленген негіздер болғанда қылмыстық істі қысқартпаса;
- 2) үкімді соттың заңсыз құрамы шығарған болса;
- 3) ҚІЖК 315-бабының екінші бөлігінде көзделген реттерді қоспағанда, іс сотталушы жоқта қаралса;
- 4) заң бойынша қорғаушының немесе жәбірленушінің өкілі қатысуы міндетті болғанда, іс оның қатысуынсыз қаралса немесе сотталушының қорғалу құқығы өзгедей жолмен бұзылса;
- 5) сотта сотталушының немесе жәбірленушінің ана тілін немесе өзі білетін тілді не аудармашының қызметін пайдалану құқығы бұзылса;
- 6) сотталушыға сот жарыссөзіне қатысу құқығы берілмесе;
- 7) сотталушыға соңғы сөз берілмесе;
- 8) үкім шығару құпиясы бұзылса;
- 9) үкімге судья қол қоймаса;
- 10) істе сот отырысының хаттамасы болмаса, кез келген жағдайда үкімнің (қаулының) күші жойылуға тиіс.

Қылмыстық істі жүргізу органдары мен тиісті лауазымды тұлғалар үшін сот әділдігін жүзеге асыру барысында қылмыстық іс жүргізудің заңда көзделген кез келген қағидатын қатаң сақтау міндетті болып табылады, яғни бұл принциптердің бірінің бұзылуы немесе дұрыс қолданылмауы әділсоттылыққа едәуір нұқсан келтіреді.

Тап осындай ұстаныммен қабылданған 2002 жылдың 6 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу жариялылығы принципін соттардың сақтауы туралы» №25 нормативтік қаулысы да назар аударарлықтай. Осы қаулының 2) тармағында былай деп көрсетілді: «Соттар барлық сот сатыларында қылмыстық іс жүргізу заңының істердің ашық қаралуы туралы талаптарын қатаң сақтауға және сот ісін жүргізудің жариялылығы принципін бұзылу, азаматтарды сот отырысына негізсіз қатыстырмау фактілеріне жол бермеуге міндетті.

Жариялылықты заңсыз шектеу (іс материалдарын негізсіз құпиялау, заңда көзделмеген

негіздер бойынша жабық отырыстар өткізу және т.б.) процеске қатысушылардың процессуалдық құқықтарын шектеуге және нұқсан келтіруге әкеліп соғуы мүмкін.

Аталған заң бұзушылықтардың сипаты мен мәніне байланысты іс жүргізу өндірісі жарамсыз деп танылып, шығарылған шешім бұзылуы не жиналған материалдар дәлелдемелік күші жоқ деп танылуы мүмкін.

Жоғарыда атап өткеніміздей, сот әділдігін жүзеге асыру барысында қылмыстық іс жүргізудің барлық қағидаттары аса маңызды, олардың қатарында жариялық принципін де өзіндік орасан зор маңыздылығы бар.

Мәселен, ҚР ҚІЖК-нің 29-бабында қылмыстық істерді талқылау барлық соттар мен барлық сот сатыларында ашық жүргізілетіндігі, сот талқылауының жариялылығын шектеуге мемлекеттік құпияны қорғау мүдделеріне қайшы келгенде ғана жол берілетіндігі айтылады. Сонымен бірге іске қатысушы адамдар өмірінің жеке жақтары туралы мәліметтерді жариялауды болдырмау мақсатында, сондай-ақ оны жәбірленушінің, куәнің немесе басқа да іске қатысушы адамдардың, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздік мүдделері талап ететін жағдайларда, кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер және басқа да істер бойынша соттың дәлелді қаулысымен жабық сот талқылауына жол берілетіндігі ескертіледі. Жабық сот отырысында сот процесінің сотқа дейінгі сатысында сот шешетін қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы органның іс-әрекеті мен шешіміне шағымдар да қаралады [4].

Істер мен шағымдарды жабық отырыста қарау ҚІЖК-де белгіленген барлық ережелер сақтала отырып жүзеге асырылады.

Көріп отырғанымыздай, ҚІЖК-нің 29-бабында: «...іске қатысушы адамдар өмірінің жеке жақтары туралы мәліметтерді жариялауды болдырмау мақсатында, сондай-ақ оны жәбірленушінің, куәнің немесе басқа да іске қатысушы адамдардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстарының қауіпсіздік мүдделері талап ететін жағдайларда, кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша, жыныстық қылмыстар туралы істер және басқа да істер бойынша соттың

дәлелді қаулысымен жабық сот талқылауына жол беріледі» деп нақты жазылған.

Осыған орай, кейбір кездері ұшырасып қалуы мүмкін сот қателіктерінен сақтандыру мақсатымен мынадай бір мысал келтіргенді жөн көріп отырмыз. Бұл оқиға ескі қылмыстық іс жүргізу заңының қолданыста болған жылдары орын алғанымен, әлі де өзінің маңыздылығын жоғалтқан жоқ сияқты.

КСРО Жоғарғы Соты кішкентай қызды зорланғаны үшін кінәлі деп айыпталған Е. жөніндегі істің ашық сот отырысында қаралуын іс жүргізу тәртібінің елелулі түрде бұзылуы деп таныған. Ол өзінің түсініктемесінде, заң жыныстық қатынастарға байланысты қылмыстық істердің жабық сот мәжілісінде қаралуын белгілегенде, тек іске қатысушы адамдар туралы мәліметтердің жариялануын болдырмау жағын ғана емес, сонымен қатар, шындықты анықтау үшін істің мән-жайын қысылып-қымтырылмай, еркін зерттеуге мүмкіндік тудыруды да көздейтіндігіне назар аударған. Алайда осы жағын ескермеген халық соты, тіпті, дайындық мәжілісі кезінде-ақ істі ашық сот отырысында қарау жөнінде қаулы қабылдаған. Ал бұл іске кері әсерін тигізген. Мәселен, сот мәжілісінің хаттамасынан көрініп тұрғандай, кішкентай қыздан жауап алған кезде сотталушының қорғаушысы көпшіліктің көзінше қажетті сұрақтарын қоя алмайтындығы жөнінде сотқа мәлімдеген. Бірақ сот қорғаушының сөзіне мән бермеген. Сот тарапынан іс жүргізу заңының осылайша бұзылуы, сөз жоқ, істің толық зерттелуіне кері әсерін тигізген. Сөйтіп, осы негіз бойынша сот үкімінің күші жойылған [5, 120-121 б.].

Құқықты дұрыс қолдану үшін, ең алдымен, оны жақсы білу қажет. Ол үшін құқық пен заң актілерінің нормаларын жаттап алу міндетті емес, оны дұрыс талдап, пайдалана білу керек, заң ілімін жете меңгеру, жеткілікті дәрежеде жоғары ғылыми даярлыққа ие болу, құқықты қолдану мен сот тәжірибесін жақсы білу ләзім.

Осы мысалды келтіре отырып, қылмыстық іс жүргізу органдарының назарында мына бір

мәселе әрдайым сақталса екен дейміз: «шаш ал десе, бас алу» принципінен аулақ болып, кез келген қылмыстық іс жүргізу қағидаттарын қатаң сақтап қана қоймай, оларды дұрыс қолдана білу, әділсоттылықты жүзеге асырудың бірден бір кепілі екендігі естен шығарылмаса, қылмыстық іс жүргізу заңын білу, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда, олардың бұзылған заңды мүдделерін қалпына келтіруде заң нормаларын барынша дұрыс қолдану, нақты қылмыстық істі қарап, шешудегі өкілетті адамдардың басты міндеті деп білеміз.

Біздің пікірімізше, сотты мүлтіксіз жүргізу, білместіктен қайсыбір қателікке ұрынбау және заңның бұрмаланбауы үшін судья тәжірибелі, адамдық қарым-қатынаста талғамды, ойлы, са-лауатты, сауатты, білімді, турашыл және ізгілікті болуы қажет. Қорыта айтқанда, әділдікке жету жолында Қазақстан Республикасының әрбір судьясы мінсіз, қажырлы еңбек етіп, кәсіби деңгейін жетілдіретін табыстарға жетуі қажет. Егер қандай да болсын шығарылған үкімнің, шешімнің құрамында ақиқат та, шындық та, әділдік те болмаса, онда мұндай үкімдер, шешімдер – халықтың сот пен судьяға деген сенімін жоғалтады, сот органдарымен судьяның абыройын төмендетеді, беделін түсіреді. Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын бұлжытпай сақтау, сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдебі талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның әділдігі мен алаламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрселерден аулақ болу, сот төрелігін жүзеге асыру жөніндегі қызметке заңсыз араласудың кез келген әрекеттеріне қарсы тұру, судьялар кеңесінің құпиясын сақтау – мемлекетіміздің судьяларға қоятын басты талабы. Әрбір судья өз өкілеттігін тек заң негізінде және заңға сәйкес әділ, шынайы атқаруы тиіс. Бұндай талап әрдайым орындалса, олардың абыройын көтеріп, беделін арттырып, кәсіби деңгейінің жоғарғы дәрежеде екендігін көрсетері сөзсіз.

### Әдебиеттер

- 1 Мами К.А. Становление и развитие судебной власти в Республике Казахстан. – Астана: Елорда, 2001. – 352 с.
- 2 Халиков К.Х. Судебная власть на переходном этапе развития государства // Тураби. – 2001. – №3. – С.71-78.
- 3 Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан. Особенная часть / Под ред. д.ю.н., проф. И.И. Рогова, д.ю.н. К.А. Мами, С.Ф. Бычковой. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 686 с.
- 4 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы, 2013.
- 5 Гродзинский М.М. Кассационное и надзорное производство в советском уголовном процессе. – М.: Госюриздат, 1953. – 231с.

### References

- 1 K. Mami Potestas iudicialis, qua institutionis in republica Kazakhstan consequat. – Astana Elorda, MMI. – CCCLII.
- 2 Halikov KH Iudiciariam in statum transitur // Turabi. – MMI. – № III. – LXXVIII-P.71.
- 3 Commentarius in Codicem Criminal Procedure reipublicae Kazakhstan. Partem specialem / Ed. legisdoctorem, Professor. II Rogow, legum Doctore KA Mami, SF Bychkova. – Almaty: Zheti Zhargy, MMIII. – DCLXXXVI p.
- 4 Kazakhstan Respublikasynuң Kylmystyқ is zhүrgizu kodeksi. – Almaty, MMXIII.
- 5 MM Grodzinskiy Et Soviet appellationis review procedatur in criminali iudicio. – SI: Gosyurizdat, MCMLIII. – 231C.